

А. Сұлтанова, 2-курс

**Ғылыми жетекшісі: Н. С Сембиев, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушысы
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)**

НӘПСІҚҰМАРЛЫҚ СИПАТТАҒЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сәбилермен жыныстық қатынас жасаушыларды ғылыми тілде «педофил» деп атайды. Мұндай әрекетке, әрине, көбіне-көп сексуалдық қалыптан ауытқыған адамдардың баратыны белгілі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының есебінше, педофилдардің 94 пайызын еркектер құрайды, ал құрбандықтарының 70-75 пайызы жас қыздардан, 15-30 пайызы ұл балалардан тұрады екен. Педофилия (көне грекше — «сәби» + көне грекше:— «махаббат», басқаша айтқанда инфантосексуализм, падерозия) — психикалық бұзылу, көптеген жыныстық ауытқулардың бірі болып табылады.

Мамандардың айтуынша, ең алдымен мұндай сұмдық әрекетке ересектер жүйке ауруына ұшырағандықтан барады дедік. Яғни педофилия - жасөспірімге зорлық көрсетуге, жыныстық қатынасқа баруға итермелейтін ауыр дерт. Мұндай әрекетке баратындар көбіне өмірден түнілген жандар, бұрын сотталған болса, түрмедегілерден қатты зәбір көргендер болуы да көп жайтты аңғартады. Немесе қан арқылы ұрпағына берілген дерт болып келеді.

Ресейдің заңгері Яков Гилинский былай деп жазады: «Қазір бұл тақырыпта жазатындар да, талқылайтындар да көбейді, бірақ педофилдар іс жүзінде азаймай отыр». Ал қандай шара қолдануға болады деген сұрақ бүкіл адамзат халқына басты мәселе болып отыр. Басқа мемлекеттерді салыстырсақ Ислам елдерінде адам зорлағандар бірден өлім жазасына кесіледі. Мәселен, Сауд Арабиясында басын шауып тастайды. Польша, Қытай, Германия және бірқатар Араб елдерінде қылмыскердің еркектік безіне химиялық ота жасайды, яғни піштіріп тастайды.

Ал өзіміздің мемлекетімізге педофилия фактілері 16 млн халқы бар Қазақстан үшін тым көп болып табылады. ҚазТАГ агенттігінің сұрауына Қазақстан Бас прокуратурасының құқықтық статистика мен арнайы есеп комитетінен алынған жауапта, 2010-шы жылдың 9 айында ҚР ҚК 122-ші бабы — «16 жасқа толмағанмен жыныстық қатынасқа түсу немесе басқа да жыныстық сипаттағы қарым-қатынасқа бару» бойынша 83 қылмыс және 124-ші бап — «жас балаларды бұзу» бойынша 26 қылмыс тіркелген¹.

Мысалы, заңгерлердің айтуынша, әлеуетті жұмыс беруші — мектеп директоры, балалар үйінің немесе кәмелетке толмағандарға арналған басқа тәрбие-білім беру мекемесінің басшысы жұмысқа үміткерді қабылдас бұрын оның өмірбаянын тексере алады, бірақ заң бойынша оның сотталғаны немесе сотталмағаны туралы анықтаманы талап ету құқығы жоқ. «Заң тұрғысынан қарағанда, егер адамнан сотталғаны алынса немесе жазасын өтесе, оған қатысты құқықтық салдар болуы мүмкін емес. Еңбек заңнамасында да анық жазылған: белгілі бір бап бойынша жазасын өтеп шыққан тұлға жұмысқа орналасқан кезде оған қатысты ешқандай шектеулер қолданылмайды. Еңбек заңнамасында ешқандай шектеулер, ешқандай анықтамалар керек жоқ деп жазылған»².

Неліктен біз оларды түрмеге қамаумен ғана шектей аламыз?! Өзге мемлекеттердің тәжірибесіне сүйенсек! АҚШ-та жазалау түрлерінен басқа кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық сипаттағы әрекеттер жасаған қылмыскерлер туралы мәліметтердің баршаға жария болуын қарастыратын норма бар. Американың кез-келген тұрғыны ондай қылмыскерлердің өз үйіне немесе жұмысына жақын жерде тұратыны-тұрмайтыны туралы біле алады. Штаттарда арнайы сайттарда кәмелетке толмағандарды зорлаған, жыныстық қатынасқа арандатқан қылмыскерлердің аты-жөндері, фотосуреттері және мекен-жайлары жарияланады. Неліктен біз жай ғана 10-20 жылға бас бостандығынан айырып, тыныш қана отыра береміз! Бұл әділетсіздік қой. Жігіті иманды, қызы ибалы болған текті халықтың арасында тексіздікке ұрынуы, нәпсінің жетегіне еріп, сайтанның ермегіне айналғаны бәрімізді де әбігерге салып, түсініксіз, беймаза күйге қалдырды. Бір сөзбен айтқанда қауқарсыз жағдайға душар болдық. Тіпті бұларға қатысты қолданып жүрген жазамыз да қорланған сәбидің ар-ұятымен салыстырғанда тым жеңіл ме дерсің. Өзімнің көзқарасым бұндай қылмыскерді ату жазасына кесу керек?! Ғалымдар да әйел зорлау, педофилияға қатысты қылмыстар соңғы оншақты жылда күрт өсіп кеткенін айтып жүр. Ең қорқыныштысы әлемдік тенденцияға айналып бара жатқан бұл үдерістің қарқыны дәстүр мен дініне берік мұсылман мемлекеттерінде де ерекше байқала бастаған.

Мамандар бұл қылмыспен тиімді күресудің жалғыз жолы заңды ерекше қатаңдату дейді. Өзге мемлекеттердің тәжірибесіне сүйенсек, бұлай ету нәтижесіз емес екенін де байқайсың. Мәселен алдыңғы жылы Иранда кішкентай балаларды зорлаған екі педофил өлім жазасына кесіліп, көпшілік алдында дарға асылған еді. Мұны көрген халық соттың шығарған әділ үкіміне ризашылығын білдіргенін естігенбіз. Осы оқиғадан кейін Иранда бала зорлығына қатысты деректер күрт азайып кетіпті. Дегенмен біздің елде өлім жазасы уақытша тоқтатылған. Сол себепті де заң шығарушы органдар осыны алға тартып, бекітілген заңнан аттап кете алмаймыз деп отыр. Біздің елдегі кәмелеттік жасқа толмағандарға қарсы жыныстық зорлық-зомбылық жасағаны үшін тағайындалатын жазаның бірі — 15-20 жылға дейін бас бостандығынан айыру ғана. Осы қылмыстық проблеманы шешуді халықаралық

деңгейде қарастырып, мемлекетке, адамдармен азаматтарға олардың өмірімен денсаулығына, бостандығына кепіл беруді көздеймін.

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық № 167-1 кодексі 16 шілде. 1997 ж. (2014.17.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

² Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі №251-111 15 мамыр 2007 ж. (кейінгі өзгертулер мен толықтырулар).